

2001 жылғы сәуірде, мамырда Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 мамыр N 725

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1991 жылғы 21 желтоқсандағы N И-811, 1992 жылғы 25 наурыздағы, 1992 жылғы 12 мамырдағы, 1993 жылғы 9 наурыздағы, 1995 жылғы 3 сәуірдегі N ф22-3/5, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 27-1-Г/3-96, 1996 жылғы 10 шілдедегі N 0000013, 1996 жылғы 20 қарашадағы N 0000019 Қазақстан Республикасы берген мемлекеттік кепілдіктерге сәйкес, шетел банктірі шоттарының негізінде қосымшада көрсетілген заемшылар (бұдан әрі - заемшылар) үшін 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлемдерді, сондай-ақ кейіннен осы төлемдер кешіктірілген жағдайда, айыппұл пайыздарын төлеуді жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Бас Прокуратурасы (келісім бойынша), Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қаржы полициясы агенттігі және "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) оқшауландырылған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде, заемшылардың банкроттығы рәсіміне дейін барлық қажетті шараларды қолдансын және қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен орындалған заемшыларға қатысты оқшауландырылған мемлекеттік бюджет қаражатын қайтару жөнінде қолданылған шаралар және жұмыстың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қаржы полициясы агенттігі заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды мақсатты пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық-шаруашылық тексеру жүргізсін және оларды пайдалануды

бұзу фактілері анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасымен (келісім бойынша) бірлесіп, кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауапқа тарту жөнінде

шаралар қолдансын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 28 мамырдағы
N 725 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік
емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі төлемдердің
Сомасы

Заемшы ұйым	! Төлем ! валютасы!	! Төлем күні !	! Төлем сомасы !	Негізгі борыш
Германия несие желісі				
"Қазақтелеком" ААҚ	DM	30.12.00	219 900,06	0,00
"Қазақтелеком" ААҚ	DM	18.01.01	649 145,71	628 759,07
"Қазақтелеком" ААҚ	DM	15.02.01	429 983,58	426 923,83
Франция несие желісі				
"Батыс" ААҚ	FRF	19.04.01	7 794 307,63	5 638 543,61
Израиль несие желісі				
"Конденсат" АҚ	USD	01.05.01	1 123 235,27	962 500,00
Жапония несие желісі				
"Карметкомбинат" МАҚ	JPY	03.05.01	309 279 492,00	285 313 185,00

Канада несие желісі

"Конденсат" АҚ	USD	15.05.01	1 596 666,67	1 291 666,67
----------------	-----	----------	--------------	--------------

Барлығы	DM		1 299 029,35	1 055 682,90
---------	----	--	--------------	--------------

	FRF		7 794 307,63	5 638 543,61
--	-----	--	--------------	--------------

	JPY		309 279 492,00	285 313 185,00
--	-----	--	----------------	----------------

	USD		2 719 901,94	2 254 166,67
--	-----	--	--------------	--------------

таблицаның жалғасы

Пайыздар	!	Басқалары
----------	---	-----------

Германия несие желісі

219 900,06	0,00
------------	------

0,00	20 386,64
------	-----------

0,00	3 059,75
------	----------

Франция несие желісі

2 155 764,02	0,00
--------------	------

Израиль несие желісі

160 577,08	158,19
------------	--------

Жапония несие желісі

23 966 307,00	0,00
---------------	------

Канада несие желісі

305 000,00	0,00
------------	------

Барлығы	
---------	--

219 900,06	23 446,39
------------	-----------

2 155 764,02	0,00
--------------	------

23 966 307,00	0,00
---------------	------

465 577,08	158,19
------------	--------

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.